1167.	Дәурен Айзат	Этно-қонақ үйлер – заманауи туризм мен дәстүрлі мәдениетті ұштастыру құралы ретінде	5003
1168.	Есмахай Фариза	Ежелгі Жібек жолы бойындағы мәдени-туристік маршруттарды дамыту	5009
1169.	Жөкен Баян Асанқызы	Қазақстандағы туризмнің Covid-19 пандемиясынан кейінгі жағдайы мен өзгерісі	5014
1170.	Жубан Әділжан Қуатұлы	Алматы тау кластері туристік индустрияны дамытудың драйвері	5022
1171.	Исабекова Жұлдызай Бекжанқызы	Туризмдегі кеңейтілген және виртуалды шындық технологияларының әлеуеті	5025
1172.	Исмагулов Армат Азаматұлы	Қонақ үй индустриясында 3D визуализацияны қолдану мүмкіндіктері	5028
1173.	Исмоилова Саломат Құрбонбековна, Михлибаев Сеитжан Маратович	Роль ЮНЕСКО в сохранении культурного наследия Таджикистана и Казахстана	5032
1174.	Калихан Айзере Алтайқызы	Экологические последствия строительства нового аэропорта в Катон-Карагай	5037
1175.	Көпей Адель	Катонқарағай ұлттық саябағында жасанды интеллект технологияларын қолдану арқылы қалдықтарды тазалау мүмкіндіктері: инновациялық тәсілдер және экологиялық тұрақтылық	5042
1176.	Кубайдоллинова Айнара	Туризмдегі мобильді технологиялар: болашағы мен мүмкіндіктері	5047
1177.	Муратбекова Диназ Муратбекқызы	Қазақстандағы тұрақты даму контекстіндегі киелі туризм	5052
1178.	Мухамбетқалиева Жансая Әбдіғабитқызы	Қазақстанның гастрономиялық мұрасы: туризмді дамытудағы рөлі	5056
1179.	Мұрат Аружан Әділханқызы	Роль этно-аулов в развитии внутреннего туризма в Казахстане	5064
1180.	Саурикова Жансая Қанатқызы, Мұсабек Ақерке	Қазақстандағы экотуризм: табиғатты аялау мен экономикалық даму арасындағы тепе-теңдік	5067
1181.	Нұрмағанбетқызы Нұрдана	Түркістан аймағында тұрақты туризмді қалыптастырудағы емдік туризмнің рөлі: Сарыағаш курорттық аймағы мысалында	5070
1182.	Омарова Кенжегуль Акмышевна	Состояние инфраструктуры в санаторно-курортных зонах Республики Казахстан	5074
1183.	Тоғайбаева Алина, Рамазан Рамина	Устойчивый туризм в Казахстане: баланс экологии, экономики и культуры на примере зоны отдыха - Алаколь	5079
1184.	Рустемова Сабира Муратовна, Абеуханова Еркежан Бахытбековна	Семей қаласының туристік әлеуеті	5083
1185.	Сайдханова Арайлым	Қазақстандағы емдік сауықтыру туризмінің жағдайы мен даму болашағы	5087
1186.	Сайын Мадина Саматқызы	Лоукост әуе тасымалының Қазақстандағы туризм саласына ықпалы	5091

1187.	Таран Ерлесқызы	Нұрлы	Экотуризмнің Қазақстандағы рөлі	5095
1188.	Тулегенова Мейрамбекқызы	Лиана	Қонақ үй бизнесін басқаруда жасанды интеллекттің маңызы	5099
1189.	Утеубаев Назымбекович	Нурлыбек	Организационно-управленческие модели строительства школ за рубежом: уроки для Казахстана	5104
1190.	Фатай Қайсарқызы	Нұрлы	Қазақстанда жастар арасындағы білім беру туризмінің дамуы: мәселелері мен болашағы	5108
1191.	Хусаинов	Д.А.	Инфраструктура глэмпингов в Щучинско-Боровской курортной зоне	5111
1192.	Шералы Өміржанқызы	Ақерке	Археологиялық туризм тарихи-мәдени мұраны таныстырудың инновациялық нысаны ретінде (Тараз қаласы мысалында)	5118
1193.	Altynay Kairatkyzy	Adilkhan	Cloud technologies as a way to automate the hotel industry	5121
1194.	Aza Yevloyeva		To the issue of tourist experience and co-creation process in tourism	5128
1195.	Khamidullin Manapovich	Nurseil	Mechanism of increasing investment attractiveness in tourism: The example of Mangistau region	5130
1196.	Kopbossyn Erlankyzy	Ayana	Prospects for the development of ecotourism in Kazakhstan	5135
1197.	Kuanysh B.B.		Big data technologies in hotel business	5138
1198.	Makhanova Maratovna	Aizhan	Sustainable development of tourism in Kazakhstan: a vision for future	5143
1199.	Mikhlidayev Seitzhan Maratovich, Ismoilova Salomat Qurbonbekovna		The role of digital technologies in improving tourist services in Kazakhstan	5146
1200.	Saginbayeva M.A.		Digital transformation in hotel business in the republic of Kazakhstan	5149
1201.	Seyitjan Rauanqyzy	Nurayim	AI in the hospitality industry	5154
1202.	Shaimukhamet Beketkyzy, Bagitzhanova Kamila Askhatkyzy	Merey	Role of social media in the hospitality industry	5158
1203.	Kaziyeva Zhanatkyzy	Dilnaz	E-commerce adoption in the restaurant sector of the Republic of Kazakhstan: present challenges and future prospects	5162
1204.	Rakhymkhanova Aidana		Study of blockchain technology and its application in restaurant business	5165
1205.	Tursungali A.A.		The influencing role of social media in the consumer's hotel decision-making process	5170
1206.	Yemutbayeva Serikovna, Kochkarova Erkinqyzy	Gulnur Raikhona	The role of accessible tourism	5174
1207.	Zhanabay.A.A		Forming inclusive tourism in Kazakhstan's	5179

			restaurant and hotel business	
1208.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	The impact of climate change on development of sustainable tourism in South Kazakhstan	5183
1209.	Shazynda Saidkyzy	Yerke	Sustainable tourism policies: comparative study between Kazakhstan and Scandinavian countries	5188

**СЕКЦИЯ 8 ТАРИХ, АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ/  
ИСТОРИЯ, АРХЕОЛОГИЯ И ЭТНОЛОГИЯ**

**Подсекция 8.1 Қазақстан тарихының өзекті мәселелері: жаңа көзқарастар мен келешегі/ 8.1 Актуальные проблемы истории Казахстана: новые подходы и перспективы**

1210.	Аубакирова Д. К.		Архивные свидетельства реакции казахских аулов на политику коллективизации	5195
1211.	Асан М. Н.		XX ғасырдың 20-79 жж. аралығындағы КСРО мен Ауғаныстан қарым-қатынасы: тарихи талдау	5198
1212.	Айтмырзаева Ф. Б.		Тараз қаласының орта ғасырдағы дамуы және архитектуралық ескерткіштер	5201
1213.	Әжеп Ә. Е.		1960-1970 жылдардағы Қазақстан жастарының саяси белсенділігі мен «Жас тұлпар» қозғалысының рөлі	5205
1214.	Бекишев Т. Б.		Цифровизация и историческая урбанистика Казахстана: новые вызовы исследования прошлого	5209
1215.	Балчих А. Ө.		Ағартушылық идеялары үндес тұлғалар	5212
1216.	Бижанов А. С., Маманов Р. Ш.		ҚР мемлекеттік туының қалыптасу тарихы	5216
1217.	Бейсембекова Г. Ж.		«Моңғолдың құпия шежіресі» - жазба тарихи мұра	5220
1218.	Гиззатова А. А.		XIX-XX ғасырдың бірінші жартысындағы Орал қаласының этнодемографиялық даму ерекшеліктері	5225
1219.	Дюсен Ж. М.		Отношение казахов Степного генерал-губернаторства к восстанию 1916 года	5231
1220.	Ескендір Д. К.		Қазақ антропологиясының негізін қалаушы Оразақ Смақұлов	5233
1221.	Жанғалиев У. Қ.		XVIII – XIX ғасырларда қазақ қоғамының этноәлеуметтік ұйымдарына сипаттама	5236
1222.	Жұмабек Қ. М.		Историографический аспект изучения школьных учебников как инструмента идеологического воспитания	5240
1223.	Жусупова А. Н.		Желтоқсан оқиғасының өңірлерге таралуы: негізгі аймақтар	5245
1224.	Ибраева Г. Б.		С.Сейфуллин: ұлттық білімді дамыту, оқулық жасау жолындағы еңбектері	5249

# ҰЛТТЫҚ ҚОР ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ПАЙДАЛАНЫЛУЫН МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ АРҚЫЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІГІН АРТТЫРУ

Касенова А.Т

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің «Мемлекеттік аудит» БББ  
3-курс студенті, Астана қ, Қазақстан Республикасы

E-mail: [kasenovaaayazhan@gmail.com](mailto:kasenovaaayazhan@gmail.com)

Андатпа: Мақалада Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдаланудың мемлекеттік аудит арқылы жетілдіру жолдары қарастырылған. Ұлттық қордың ел экономикасының тұрақтылығын сақтау, сыртқы экономикалық тәуекелдерге төзімділігін арттыру және болашақ ұрпақ үшін қаржы жинақтау сияқты негізгі функциялары зерттеледі. Мемлекеттік аудиттің қор қаражатының тиімді жұмсалуды бақылаудағы рөлі анықталып, оның басқару жүйесіндегі ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етудегі маңызы талданады. Сонымен қатар, қордың инвестициялық стратегиялары, бюджетаралық трансферттер құрылымы және «Ұлттық қор – балаларға» әлеуметтік бағдарламасының іске асырылу барысы қарастырылады. Мақалада мемлекеттік аудит жүйесін жетілдірудің заңнамалық және әдістемелік негіздері ұсынылады, халықаралық озық тәжірибе зерделенеді және аудиттік бақылауды күшейту бойынша нақты ұсыныстар беріледі.

Кілтті сөздер: Ұлттық қор, мемлекеттік аудит, экономикалық тұрақтылық, қаржы жинақтау, аудиттік бақылау.

«Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңның 12-бабының 2-тармағының 7-тармақшасына сәйкес, Жоғары аудиторлық палата Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуын қадағалауға құзыретті [1].

Қазақстанның Ұлттық қоры 2000 жылы елдің тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және болашақ ұрпақ үшін жинақтарды қалыптастыру (жинақтау функциясы), сондай-ақ сыртқы экономикалық әсерлердің теріс ықпалын азайту (тұрақтандыру функциясы) мақсатында құрылды. Қор «Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры туралы» Қазақстан Президентінің 2000 жылғы 23 тамыздағы № 402 Жарлығы негізінде құрылды [2].

Қазақстанның Ұлттық қоры мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын сақтау және оның инвестициялық тартымдылығын арттыруда айрықша маңызға ие. 2023 жылдың қорытындысы бойынша, Ұлттық қордың жалпы кірісі 4,59 трлн теңгені құрады, оның ішінде негізгі үлесті - шамамен 4,56 трлн теңге- мұнай секторынан түскен тікелей түсімдер құрады [3]. Бұдан бөлек, Ұлттық қордың инвестициялық кірісі 2,6 трлн теңге деңгейінде қалыптасты, бұл оның тиімді қаржылық басқаруы мен ұзақмерзімді инвестициялық стратегиясының нәтижелілігін айғақтайды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Ұлттық қордың қаржысын тиімсіз жұмсау тоқтатылады. Қордың қаражатын аса қажет инфрақұрылымды дамытуға және еліміз үшін маңызы зор жобаларды қаржыландыруға жұмсаймыз. Бюджет үдерістерін барынша жеңілдету қажет. Сонымен қатар «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын ұсынды. Бұл қаражат әр бала 18 жасқа толғанға дейін жиналып, кейін олардың баспана алуына немесе білім алуына жұмсалады [4].

Кесте-1. Ұлттық қордың 2000-2021 жылдардағы жинақталуы және құрылымы


№	Көрсеткіш	Сума (трлн. теңге)	Үлес салмағы (%)
1	Барлығы жинақталған қаражат	62,4	100
2	Түсімдер, оның ішінде:	36,6	58,7
3	- Мұнай секторындағы ұйымдардан түсетін	36,2	98,9 (түсімдер)

	тікелей салықтар		ішіндегі үлесі)
3	Басқарудан түскен инвестициялық кіріс (валюта бағамын түзетуді ескергенде)	25,5	40,8
4	- Валюта бағамын түзету есебінен кіріс	19,8	-
5	Өзге де түсімдер	0,3	0,5

Ескертпе: [5] әдебиет негізінде жасалған

Бұл кесте 2000-2021 жылдар аралығында Ұлттық қордың жинақталуының негізгі құрылымын көрсетеді, мұнда негізгі кіріс көздері мұнай секторындағы салықтар мен инвестициялық кірістерден құралған. 2023 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының түсімдері 6,4 трлн теңгені құрады, оның ішінде негізгі үлесті мұнай секторының түсімдері (4,6 трлн теңге) және инвестициялық кірістер (1,8 трлн теңге) иеленді.

Сонымен қатар, кейбір бұқаралық ақпарат құралдарында 1,3 трлн теңгенің «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ акцияларын сатып алуға бағытталғаны жөнінде ақпарат таратылды. Алайда, бұл көрсеткіш қордың кірістілігіне тікелей әсер етпей, инвестициялық саясат шеңберінде жүзеге асырылған шаралардың бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс [6].



Сурет-1. 2023 жылғы Ұлттық қордан бөлінген трансферттер, млрд теңге  
Ескертпе: [7] әдебиет негізінде жасалған

2023 жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан мемлекеттік бюджетке бөлінген трансферттер айтарлықтай құбылмалы болып, ай сайын өзгеріп отырғаны байқалады. Жалпы алғанда, трансферттердің ең жоғары көлемі мамыр (491 млрд теңге) және наурыз (473 млрд теңге) айларында тіркелсе, ең төменгі көрсеткіш желтоқсан айында (75 млрд теңге) байқалды. Жылдың бірінші жартысында бөлінген қаражат көлемі салыстырмалы түрде жоғары болып, қаңтар-маусым айларында орта есеппен 358 млрд теңгені құрады. Бұл кезеңде экономикалық белсенділік пен бюджеттік қажеттіліктердің жоғары болуы ықтимал себептердің бірі ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жылдың екінші жартысында трансферттер көлемінің біртіндеп төмендеуі байқалды, әсіресе қараша (237 млрд теңге) және желтоқсан (75 млрд теңге) айларында күрт азайған. Желтоқсандағы көрсеткіш қараша айымен салыстырғанда үш есеге төмендеп, жыл ішіндегі ең минималды деңгейге жетті. Бұл құбылыс жыл соңында бюджеттік шығындардың қайта қаралуы немесе жоспарланған трансферттердің орындалу ерекшеліктерімен байланысты болуы мүмкін.

Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер көлемінің маусымдық сипатқа ие екендігін байқауға болады. Мемлекеттік шығындардың қаржыландыру құрылымында жылдың бірінші жартысында және күзгі кезеңде жоғары трансферттер бөлінсе, жылдың соңына қарай қаражат ағынының қысқаруы орын алады. Бұл тенденция мемлекеттік бюджет саясатының басымдықтарымен және Ұлттық қорды пайдалану стратегиясымен тікелей байланысты. Осы деректерді тереңірек талдау мемлекеттік қаржы жүйесінің тұрақтылығы


мен тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ келешекте бюджетаралық трансферттерді жоспарлау үдерісін оңтайландыруға септігін тигізеді.

Кесте-2. 2023 жылғы Ұлттық қор портфельдерінің үлесі

№	Портфель	Үлес (%)
1	Жинақ портфелі	86%
2	Тұрақтандыру портфелі	14%
Ескертпе: [7] әдебиет негізінде жасалған		


2023 жылдың соңындағы Ұлттық қордың портфельдік құрылымы оның қаржылық стратегиясының негізгі бағыттарын айқындайды. Жинақ портфелінің үлесі 86%-ды құрай отырып, болашақ ұрпақ үшін қаржы жинақтау және ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатын көздейді. Бұл мемлекеттің ұзақмерзімді даму мен тұрақты инвестициялық саясатқа басымдық беретінін көрсетеді.

Ал тұрақтандыру портфелі (14%) қысқа мерзімді экономикалық өзгерістерге бейімделуге арналған. Ол мұнай бағасының ауытқуы мен ішкі нарықтағы тұрақсыздық кезінде бюджеттік тұрақтылықты сақтау үшін қолданылады. Осылайша, қор портфельдерінің арақатынасы – Ұлттық қорды тиімді басқарудың және мемлекеттің қаржы-экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды көрсеткіші болып табылады.



Сурет-2. 2023 жылғы Ұлттық қордың жинақ портфелінің аллокациясы  
Ескертпе: [8] әдебиет негізінде жасалған

Жинақ портфелінің аллокациясын талдау көрсеткендей, қаржы құралдары әртүрлі активтерге бөлінген. 33%-ы акцияларға инвестицияланған, бұл қордың ұзақ мерзімді табыстылығын арттыруға бағытталған. 29%-ы дамыған елдердің мемлекеттік облигацияларына салынған, бұл тұрақты кіріс әкелетін төмен тәуекелді активтерге басымдық беруді білдіреді. 20%-ы дамушы елдердің мемлекеттік облигацияларына инвестицияланған, бұл салыстырмалы түрде жоғары кірістілікке ұмтылғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, корпоративтік облигациялар 10%, алтын 5%, баламалы қаржы құралдары 3% үлесін алады. Бұл аллокация құрылымы тәуекелді әртараптандыру арқылы қор активтерінің тұрақты кірістілігін қамтамасыз етуге бағытталған.



Сурет-3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының кірістілігі (2015-2023 жж.)

Ескертпе: [8] әдебиет негізінде жасалған

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры 2015-2023 жылдар аралығында әртүрлі макроэкономикалық және қаржылық факторлардың әсерінен кірістілік бойынша айтарлықтай өзгерістерді бастан өткерді. Бұл кезеңдегі кірістілік көрсеткіштерін талдау қордың инвестициялық стратегиясының тиімділігі мен оның жаһандық экономикалық өзгерістерге тәуелділігін бағалауға мүмкіндік береді. 2015 жылы Ұлттық қор -2,44% теріс кірістілік көрсетіп, бұл кезең әлемдік нарықтағы мұнай бағасының құлдырауымен және дамушы экономикалардағы капиталдың сыртқа шығуымен сипатталды. 2016 жылы қордың кірістілігі 0,84%-ға өсіп, оң мәнге ие болғанымен, бұл көрсеткіш тұрақсыздықтың жалғасып жатқанын көрсетті. 2017 жылы кірістілік 7,61%-ға дейін көтеріліп, бұл жыл жаһандық нарықтағы тұрақтану кезеңімен сәйкес келді. Дегенмен, 2018 жылы кірістілік қайтадан төмендеп, -2,64%-ды құрады, бұл әлемдік қаржы нарықтарындағы құбылмалылықпен және АҚШ-тың ақша-несие саясатының қатаңдатылуымен байланысты болды. 2023 жылы Ұлттық қордың кірістілігі 11,38%-ға дейін өсті, бұл инвестициялық саясаттың қайта жандануын және қор активтерінің тиімді басқарылғанын көрсетті. Әлемдік нарықтағы тұрақтану мен инвестициялық активтердің жоғары табыстылығы қордың оң динамикасын қамтамасыз етті. 2015-2023 жылдар аралығындағы кірістілік динамикасы Ұлттық қордың инвестициялық стратегиясының тиімділігін, сонымен қатар оның сыртқы экономикалық жағдайларға айтарлықтай тәуелді екенін көрсетеді. Пандемия, инфляция, орталық банктердің саясатындағы өзгерістер және нарықтық құбылмалылық қордың кірістілігіне тікелей әсер еткен негізгі факторлар болып табылады.

Осыған байланысты, Ұлттық қордың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін активтерді әртараптандыруды жалғастыру және инвестициялық стратегияны икемді түрде бейімдеу маңызды болып табылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры мемлекеттің экономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ету және болашақ ұрпаққа қаржы резервін сақтау мақсатында құрылған стратегиялық қаржы институты болып табылады. Ұлттық қордан қаржы бөлу және оның инвестициялық кірістілігін арттыру мемлекеттік қаржы саясатының маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады.

2024 жылы іске қосылған «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы осы қордың әлеуметтік бағыттағы жаңа қадамдарының бірі болып отыр. Бұл бағдарлама аясында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан еліміздің барлық балаларына алғашқы қаржылық төлемдер жасалды. 2024 жылдың 1 ақпанындағы мәлімет бойынша, бағдарламаға 6 919 131 бала қатысушы ретінде тіркелген. Оларға 100 АҚШ доллары 52

цент көлемінде бірыңғай қаржылық аударым жасалды. Бұл төлемдер жыл сайын Ұлттық қордың инвестициялық өсімі есебінен толықтырылып отырады.


«Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасының негізгі мақсаты – ұлттық жинақ есебінен болашақ ұрпақты қолдау, олардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға немесе білім алуына мүмкіндік беру. Бағдарлама аясында:

- Балаларға жыл сайын инвестициялық кірісті қоса алғанда, нысаналы талаптар түріндегі қаражат бөлінеді;

- 18 жасқа толған жылы жинақталған қаражат АҚШ долларында есептеліп, арнайы нысаналы жинақтау шотына аударылады;

- Нысаналы жинақталған қаражат тек тұрғын үй жағдайларын жақсарту немесе білім ақысын төлеу мақсатында пайдалануға беріледі.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 2023 жылғы инвестициялық кірісі 1,39 миллиард АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш Ұлттық қордың соңғы 18 жылдағы орташа жылдық кірісімен (2,6%) салыстырылады. Бағдарламаға сәйкес, инвестициялық кірістің 50%-ы (695,5 миллион АҚШ доллары) 18 жасқа толмаған балалар арасында бөлінді. 2023 жылғы 31 желтоқсандағы ресми мәліметтерге сәйкес, бағдарламаға 6 919 131 бала қатысады, оның ішінде 304 815 бала 2024 жылы 18 жасқа толады. Осы есепке сәйкес, әр балаға 100,52 АҚШ доллары мөлшерінде нысаналы жинақ есептелді.



Сурет-4. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы аясында аймақтар бойынша қатысушыларға бөлінген қаражат  
Ескертпе: [9] әдебиет негізінде жасалған

Жоғарыда келтірілген статистикалық мәліметтерге сүйене отырып, нысаналы талаптарға қатысушы балалардың ең көп саны Түркістан облысында тіркелген. Бұл өңірде 922 841 балаға жалпы 92 763 977,32 АҚШ доллары есептелген. Оның ішінде, 2024 жылы 18 жасқа толатын 41 968 қатысушының жеке жинақтау шоттарына 4 218 623,36 АҚШ доллары аударылған. Балалар саны бойынша екінші орында Алматы қаласы тұр – мұнда 666 443 балаға 66 990 850,36 АҚШ доллары есептелген. 2024 жылы 18 жасқа толатын 26 621 қатысушының жинақтау шоттарына 2 675 942,92 АҚШ доллары бөлінген[9].

Бағдарламаның ерекшелігі – қаражаттың барлық балаларға бірдей бөлінуі, бұл оның әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына сәйкес келетінін көрсетеді. Сонымен қатар, жыл

сайынғы инвестициялық кірістің өсуі бөлінетін қаражат көлемінің тұрақты ұлғаюына мүмкіндік береді, бұл бағдарламаның ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Кесте-4. Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы бойынша есептелген нысаналы талаптар және аударымдар (2024-2025 жж.)

№	Кезең	Есептелген нысаналы талаптар (млн АҚШ доллары)	Төлемдерді шегергендегі алдыңғы кезеңдердің нысаналы талаптарына есептелген инвестициялық кіріс (млн АҚШ доллары)	18 жасқа толған тұлғаларға төлеу үшін "БЖЗҚ" АҚ операторына аударым (млн АҚШ доллары)	Төлемдерді шегергендегі нысаналы талаптардың жиынтық сомасы (млн АҚШ доллары)
1	2024	696	-	31	665
2	2025	889	20	76	1498

Ескертпе: [10] әдебиет негізінде жасалған

2024 жылы есептелген нысаналы талаптар 696 млн АҚШ долларын құраса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 889 млн АҚШ долларына дейін өседі. Бұл өсімнің басты себебі – Ұлттық қордың инвестициялық кірістерінің артуы және жыл сайын жаңа қатысушылардың қосылуы. Төлемдерді шегергендегі нысаналы талаптардың жиынтық сомасы 2024 жылы 665 млн АҚШ долларын құраған болса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 1498 млн АҚШ долларына дейін өседі. Бұл бағдарлама аясында жинақталған қаражаттың жылдан-жылға артып, болашақтағы төлемдердің ұлғаюына ықпал ететінін көрсетеді. Инвестициялық кірістер де маңызды рөл атқарады, 2025 жылы оның мөлшері 20 млн АҚШ долларына жетіп отыр. 18 жасқа толған тұлғаларға төленетін қаражат көлемі де жыл сайын өсіп келеді. Егер 2024 жылы бұл көрсеткіш 31 млн АҚШ долларын құраса, 2025 жылы 76 млн АҚШ долларына дейін ұлғайған. Бұл Ұлттық қор қаражатының нақты адамдарға пайдалы болып жатқанын және балалардың болашағына қаржылай қолдау көрсетіп отырғанын айғақтайды.

Жүргізілген талдау көрсеткендей, Ұлттық қор қаражатының ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету мәселесі ерекше назар аударуды талап етеді. Атап айтқанда, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасының жүзеге асырылу барысы, қор активтерінің кірістілігі және оның макроэкономикалық тұрақтылыққа әсері зерттелді. Нәтижесінде, Ұлттық қор қаражатын басқару саласындағы аудиторлық бақылауды күшейту қажеттігі анықталды. Аудит жүйесіндегі негізгі мәселелердің бірі – Ұлттық қор активтеріне мемлекеттік аудит жүргізу өкілеттіктерінің шектеулі болуы. "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңның 12-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Жоғары аудиторлық палата Ұлттық Банктің активтерін пайдалануды тек Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен немесе тапсырмасы бойынша ғана тексере алады. Осыған байланысты, Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау саласындағы қолданыстағы заңнамаға Есеп комитетінің Ұлттық қордың жұмыс істеуіне қатысты құжаттамаға, ақпаратқа, ақпараттық жүйелерге қолжетімділігінің тиісті деңгейі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажет.

Қорытындылай келе, Ұлттық қор – елдің қаржылық тұрақтылығы мен болашақ ұрпақтың әл-ауқатын қамтамасыз етудің маңызды құралы. Алайда, оның тиімділігін арттыру үшін мемлекеттік аудиттің рөлін күшейту, заңнамалық шектеулерді қайта қарау және басқару жүйесін жетілдіру қажет. Осы ұсынымдарды жүзеге асыру Ұлттық қор қаражатының ашықтығын қамтамасыз етіп, оны ел экономикасының тұрақты дамуына бағыттауға мүмкіндік береді. Болашақта Қазақстанның қаржылық тұрақтылығын сақтау және Ұлттық қорды тиімді пайдалану үшін халықаралық тәжірибені зерттеу, мемлекеттік

аудит жүйесін жетілдіру және экономикалық саясатты стратегиялық тұрғыда дамыту маңызды болып табылады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" заңы [Электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>
2. Қазақстан Республикасының "Ұлттық қоры туралы" заңы [Электрондық ресурс] <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U000000402>
3. Қазақстан Республикасының "Ұлттық қоры туралы" ақпараттық құжаты [Электрондық ресурс] [https://aifc.kz/wp-content/uploads/2024/09/aifc\\_kaz\\_final.pdf](https://aifc.kz/wp-content/uploads/2024/09/aifc_kaz_final.pdf)
4. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жолдауы [Электрондық ресурс] <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>
5. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының құрылу мақсатына сай және оның пайдаланылуына сәйкестік аудитін жүргізу [Электрондық ресурс] <https://gov-audit.kz/index.php/ma/article/view/44/94>
6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің баспасөз хабарламасы [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz/memleket/entities/minfin/press/news/details/683408?lang=kk>
7. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының операциялары жөніндегі есеп [Электрондық ресурс] <https://nationalbank.kz/kz/news/national-fund-operations/rubrics/1993>
8. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын инвестициялық басқару туралы ақпарат [Электрондық ресурс] <https://www.nationalbank.kz/kz/page/NF-investment-management>
9. "Ұлттық қор - балаларға" бағдарламасы бойынша еліміздің облыстары бөлінісінде балалар саны мен оларға есептелген қаражат туралы статистика [Электрондық ресурс] <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu-abay/press/news/details/703797?lang=kk>
10. "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы туралы ақпарат [Электрондық ресурс] <https://nationalbank.kz/kz/page/National-Fund-for-Children>

### **МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТОР БІЛІКТІЛІГІН АЛУҒА ҮМІТКЕР ТҰЛҒАЛАРДЫ СЕРТИФИКАТТАУ**

**Қурметова А.Н.**

«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [asemgul01102004@gmail.com](mailto:asemgul01102004@gmail.com)

**Аңдатпа.** Мемлекеттік аудитор біліктілігін алуға үміткер тұлғаларды сертификаттау бұл болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін және заңнамада белгіленген талаптарға сәйкестігін бағалау процесі болып табылады. Сертификаттау мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау саласында заңдылықты сақтаудағы, бюджет қаражатын мақсатты және дұрыс пайдаланудағы рөлін арттыруды анықтайды. Себебі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен мемлекеттік қаржы органдарының ашықтығын арттыру жағдайында сертификатталған аудиторлар мемлекеттік басқарудың ауқымын анықтауда, тәуекелдердің алдын алу мен тиімділігін арттыруда шешуші рөл атқарады.

Жылдан жылға мемлекеттік аудитор біліктілігін алуға үміткер тұлғаларды сертификаттау нәтижесінде білікті мамандар саны көбейіп, жоғары кәсіби стандарттар белгіленіп, елімізде аудиторлық қызметті жетілдіру бойынша жағдайлар жасалып жатыр. Мемлекеттік бақылау жүйесіне деген сенімін арттыру үшін жас мамандарды даярлау мен олардың білімін растау өте маңызды.